

Курск шайқасына қатысты



Бисен Рахметұлы Оспанов 1924 жылдың 19 қыркүйегінде дүниеге келген. 1942 жылдың күзінде майданға аттанып, Курск-Орлов шайқасына қатысады. Сол шайқаста жараланып, госпитальға түседі. Емделгеннен кейін қайтадан майданға аттанады. 1944 жылдың күз айында Витевск майданында тамағына минаның жарқыншағы

тиіп, еңешін қиып өтіп, госпитальда ұзақ уақыт жатады. Сол жарақаттан соң соғысқа қатысуға жарамсыз болып, Самарқан шипажайына емделуге жіберіледі. 1945 жылы Бисен ата III дәрежелі «Даңқ» орденімен, тағы да басқа медальдармен марапатталады. 1948 жылы Қайыржан апамен шаңырақ көтеріп, он бала тәрбиелеп, барлығының білім алуына ықпал жасайды. Баянауыл ауданының Ақсан ауылында зейнеткерлікке шыққанға дейін ауылдық Кеңестің төрағасы және т.б. әр түрлі қызметтер атқарады. Қоянды ауылының фельдшері Зайра Бисенқызы: «1930 жылдардағы аштық өкемнің отбасындағы 12 жанның бәрін жалмап өкеткен. Сол кездегі 6-7 жастағы бала балалар үйінде тәрбиеленеді.

7 сыныптық білім алып, Майқайындағы алтын өндіру кенінде жұмыс жасайды. Сол жерден әскерге алынады. Тұл жетімдіктің тақсиретін тартып, өмірдің барлық өткелдерінен өте білген өкемізді әрқашан мақтан тұтамын! Енді соғыс өрті шалмасын, еліміз аман болсын, аспанымыз әрқашанда ашық болып, жастардың болашағы жарқын болсын» - деп тілек тілейді қызы.

**Қазына Алпысбаева,
Қоянды ауылының мәдениет
қызметкері**